

## Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда № 12599 болып тіркелді.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабы 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.07.2021 № 681 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Камералдық бақылау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп пен аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2015 жылғы 30 қарашадағы  
№ 598 бұйрығымен  
бекітілген

## Камералдық бақылау жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.09.2024 № 658 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Камералдық бақылауды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 14-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және камералдық бақылауды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1) бірыңғай сатып алу платформасы (бұдан әрі – веб-портал) – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі, ол мемлекеттік сатып алудың және "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес жүзеге асырылатын сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынады;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) камералдық бақылау – ақпараттық жүйелер деректерін, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау және салыстырып тексеру негізінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісіне (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектісі) бармай ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асыратын бақылаудың өзге нысаны;

3) камералдық бақылау тәуекелдерінің бейіні (бұдан әрі – тәуекел бейіні) – мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы мәліметтерді талдау жолымен айқындалған және белгілі бір бұзушылықтарды анықтау мақсатында әзірленетін деректерді таңдау шарттарының жиынтығы;

4) тәуекел – қаржылық бұзушылықтарға, бюджет қаражатын ұрлауға (ысырап етуге) және мемлекетке экономикалық залал келтіруге әкеп соғатын мүмкін Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын сақтамау, оқиғаның немесе іс-қимылдың объектіге және мемлекеттік аудит нысанасына және нысанасына қолайсыз әсер ету ықтималдығы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бағдарламалық құжаттарында және стратегиялық жоспарларында көзделген нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізбеу немесе толық көлемде орындамау ықтималдығы;

5) тәуекелдерді басқару жүйесі – тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыруды және мемлекеттік аудит жүргізуді, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзге де қызметін қамтамасыз ететін, мемлекеттік аудиттің неғұрлым басым бағыттарына ресурстарды іріктеу, оңтайлы бөлу қағидастарына негізделетін, қолда бар тәуекелдер жиынтығын жан-жақты талдауды, оларды сәйкестендіру мен бағалауды, ден қою шараларын әзірлеу мен қабылдауды, қабылданған шаралар нәтижелерінің тиімділігіне мониторингті қамтитын әкімшілендіру жүйесі;

6) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, аудиторлық

қызмет, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді заңнамада көзделген шекте жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

7) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы) – құзыреті шегінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласында, сондай-ақ уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы;

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

8) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) ақпараттық жүйе-ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және камералдық бақылауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган пайдаланатын, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы №123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16777 болып тіркелген) бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес интеграцияланған нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын 2-тармақта көрсетілмеген ұғымдар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде, Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалатын мәндерде қолданылады.

4. Камералдық бақылаудың мақсаты бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және жол бермеу, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын мемлекеттік аудит объектісіне беру және мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені төмендету болып табылады.

## **2-тарау. Камералдық бақылауды жүргізу тәртібі**

5. Камералдық бақылауды ведомство және оның аумақтық бөлімшелері Заңның 14-бабы 3) тармақшасының және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу туралы заң) 23-бабына

сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі бойынша, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижелері бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру жолымен мемлекеттік аудит объектісіне бармастан, тұрақты негізде жүргізеді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Камералдық бақылауды жүргізу барысында бұзушылықтарды анықтау осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген камералдық бақылау тәуекелдері бейіндерінің тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Камералдық бақылаудың ден қою шаралары Заңның 30-бабының 4-тармағында көзделген.

8 Камералдық бақылау бюджеттік қатынастарды, бухгалтерлік есепті, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен талаптарын сақтай отырып, ведомствоның Заңда белгіленген құзыреті шеңберінде бюджет процесінің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша ақы төлеу жүргізілгеннен кейін бұзушылықтар анықталған кезде Заңның 18-бабы 5-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес мемлекеттік аудит жүргізіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде ведомство және оның аумақтық бөлімшелері осы Қағидаларға 2–қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықталған бұзушылықтарды сипаттай отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны (бұдан әрі-хабарлама) ресімдейді және мемлекеттік аудит объектілеріне жібереді және веб-порталда автоматты түрде тіркеледі .

Веб-порталды қоспағанда, ақпараттық жүйеде камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде ведомство және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік аудит объектілеріне хабарлама ресімдейді және жібереді және ақпараттық жүйеде тіркейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

11-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Хабарлама мемлекеттік аудит объектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, веб-портал және (немесе) ақпараттық жүйелер арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 8:30-ден 18:00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ге дейін жіберіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

12-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Хабарламаны мемлекеттік аудит объектісі, ол мемлекеттік аудит объектісіне тапсырылған (веб-портал және (немесе) ақпараттық жүйелер арқылы алынған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындайды.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды мемлекеттік аудит объектісіне хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде дербес жойған кезінде, лауазымды тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

13-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Хабарламада көрсетілген мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау элементтері және бұзушылықтарды жою тәсілдері осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген.

Хабарламаның орындалуы туралы ақпаратты (қажет болған кезде растайтын құжаттарды қоса бере отырып) мемлекеттік аудит объектісі хабарламаны жіберген ведомствоға және оның аумақтық бөлімшесіне осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал және ақпараттық жүйелер арқылы ұсынады.

Хабарламаның орындалуын растауды ведомство және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік аудит объектісінен хабарламаның орындалуы бойынша ақпарат келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей веб-портал және ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асырады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Тиісті бюджетті (даму жоспарын), жеке қаржыландыру жоспарын және мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын камералдық бақылау камералдық бақылау тәуекелдері бейіндерінің тізбесіне және мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау элементтеріне және осы Қағидаларға 1 және 3-қосымшада келтірілген бұзушылықтарды жою тәсілдеріне сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі.

Мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын камералдық бақылау тиісті бюджет бекітілгенге (нақтыланғанға) дейін тиісті бюджет комиссиясының оң ұсынысы шығарылған күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін жүргізіледі.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын камералдық бақылауды ведомство және оның аумақтық бөлімшелері камералдық бақылау тәуекелдері бейіндерінің тізбесіне және мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау элементтеріне және осы Қағидаларға 1 және 3-қосымшада келтірілген бұзушылықтарды жою тәсілдеріне сәйкес жүргізеді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілетін мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер веб-порталға орналастырылған күннен бастап мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін жүргізіледі.

16. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы әлеуетті өнім берушіге қол қоюға жіберілген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

17. Конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау мынадай бағыттар бойынша:

1) бірінші бағыт:

конкурс (аукцион) жарияланған күннен бастап конкурстық құжаттаманы ( аукциондық құжаттама) жобасын алдын ала талқылау кезеңінде ескертулерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін;

егер конкурстық құжаттаманың жобасына алдын ала талқылау жүзеге асырылмаған кезде, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтіні орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

2) екінші бағыт – конкурстық құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасы веб-порталға орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде және/немесе өтінімдерді қабылдау мерзімдері аяқталғанға дейін жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.05.2025 № 237 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

18-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Орындаушының және ведомство басшысы орынбасарының және/немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіндегі бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушысының жүргізілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтардың жоқ екені туралы белгісі веб-порталда және ақпараттық жүйесінде камералдық бақылаудың аяқталуы болып танылады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға ведомство басшысының орынбасары және/немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің бірінші басшысы немесе олардың (оның) міндетін атқарушы адам (адамдар) қол қояды.

Хабарламаның орындалуын бақылауды ведомство басшысының орынбасары және/немесе ведомствоның аумақтық бөлімшесінің басшысы немесе оның (олардың) міндетін атқарушы адам веб-порталда және ақпараттық жүйеде белгі қойып жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

18-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-1. Осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік сатып алу веб-порталын қоспағанда, ақпараттық жүйелер арқылы жіберілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама ақпараттық жүйелер арқылы жіберілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды тіркеу журналында тіркелуі тиіс.

Ескерту. Қағидалар 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Бұл ретте тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шешіміне әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде шағымдану мемлекеттік сатып алу рәсімдерін тоқтата тұрмайды.

Шағымдарды беру және қарау тәртібі 19 таратумен "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35238 болып тіркелген) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалармен айқындалады.

Веб-портал арқылы шағымды жіберу және қарау жөніндегі талаптар ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.05.2025 № 237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Камералдық бақылаудың сапасын бақылау**

20. Уәкілетті органның ведомствосы тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде Заңның 30-бабына сәйкес камералдық бақылаудың сапасын бақылауды үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Сапаға бақылау жүргізу кезінде хабарламаны орындау мерзімі ол аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

21. Жүргізілген сапаны бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы сапаны бақылау қорытындысын шығарады, ол автоматты түрде веб-портал арқылы тіркеледі және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мекенжайына жіберіледі.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі сапаны бақылау қорытындысына сәйкес осындай шешім қабылданған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде:

- 1) хабарламаның күшін жояды;
- 2) сапаны бақылау қорытындысына сәйкес хабарлама жібереді;
- 3) хабарламаға өзгерістер (толықтырулар) енгізеді.

Уәкілетті органның ведомствосы осы тармақта көзделген мерзімде сапа бақылауының шығарылған қорытындысы болмаған жағдайда, ведомствоның аумақтық бөлімшесі камералдық бақылау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерді сапа бақылауынан өтті деп таниды.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

22-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Уәкілетті орган ведомствосының шешімімен және (немесе) осы Қағидалардың 21-тармағы екінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларына сәйкес жіберілген аумақтық бөлімшенің хабарламасымен келіспеген кезде әлеуетті өнім беруші шағым, мемлекеттік аудит объектісі – жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы оның ішінде осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы уәкілетті органның жанындағы Апелляциялық комиссияға (бұдан әрі – Апелляциялық комиссия) қарсылық береді не сотқа жүгінеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **4-тарау. Камералдық бақылау нәтижелеріне шағымдану тәртібі**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

23-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген кезде мемлекеттік аудит объектісі веб-портал және хабарлама келіп түскен ақпараттық жүйелер арқылы Заңның 11-1-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Уәкілетті органның жанындағы апелляциялық комиссияға (бұдан әрі – Апелляциялық комиссия) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарға қарсылық береді.

Мемлекеттік аудит объектісі веб-портал және хабарлама келіп түскен ақпараттық жүйелер арқылы қарсылықтың дәлелдерін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

23-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23-1. Уәкілетті орган ведомствосының хабарламасында көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда әлеуетті өнім беруші веб-портал және ақпараттық жүйелер арқылы Апелляциялық комиссияға шағым береді.

Ескерту. Қағидалар 23-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Қарсылық Заңның 11-1-тарауында және "Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға қарсылықтарды және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануды қарау жөніндегі апелляциялық комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 302 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20171 болып тіркелген) бекітілген ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жанындағы апелляциялық комиссия туралы ережеде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде қаралады.

25. Хабарламаны орындау мерзімі қарсылықты қарау кезеңіне тоқтатыла тұрады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

26-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Қарсылықтарды қарау нәтижелері бойынша Апелляциялық комиссия мынадай:

1) мемлекеттік аудит объектісі шағымданатын барлық мәселелер қанағаттандырылған кезде – қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) мемлекеттік аудит объектісі дауланатын мәселелерді ішінара қанағаттандырған кезде – қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) мемлекеттік аудит объектісі даулап отырған барлық мәселелер Заңның 11-1-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қанағаттандырылмаған кезде – осындай шешім қабылдауды негіздей отырып, қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Қарсылықты қарау нәтижелері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарсылықты қарау нәтижелері бойынша қорытындымен (бұдан әрі – қорытынды) ресімделеді.

Қорытынды тіркеледі және мемлекеттік аудит объектісіне веб-портал және хабарлама келіп түскен ақпараттық жүйе арқылы жіберіледі.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Осы Қағидалардың 26-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда хабарлама:

1) хабарламада көрсетілген барлық бұзушылықтар дауланған кезде күшін жоюға;

2) қарсылықпен дауланбайтын хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою бөлігінде орындауға жатады.

Осы Қағидалардың 26-тармағының 2) тармақшасында көзделген хабарлама қарсылықтың қанағаттандырылмаған дәлелдері бойынша бұзушылықтарды жою бөлігінде орындауға жатады.

Осы Қағидалардың 26-тармағының 3) тармақшасында көзделген хабарламаны мемлекеттік аудит объектісі толық көлемде орындауға тиіс.

Хабарламаға ішінара қарсылық болған кезде дауланбаған хабарлама бұзушылықтары жоюға жатады.

**5-тарау. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру**

28. Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес хабарламаның белгіленген мерзімде орындалмауы мемлекеттік аудит объектілерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен тоқтата тұруға әкеп соғады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттіктерді қоспағанда) бойынша шығыстық операцияларды тоқтата тұру Заңның 32-бабының 2-тармағында көзделген шығыс операцияларын қоспағанда мемлекеттік аудит объектілерінің барлық шығыс операцияларына қолданылады.

29. Тиісті аумақтық бөлімше Заңның 31-бабының 2-тармағында көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген мерзімде хабарламалардың орындалмауының белгіленген фактілері туралы жазбаша хабарлайды.

30. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттіктерді қоспағанда) бойынша шығыстық операцияларды тоқтата тұру туралы өкім (бұдан әрі – өкім) хабарламаның белгіленген мерзімде орындалмау фактілері расталған кезде осы Қағидалардың 35-тармағымен көзделген хат алынған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде қалыптастырылады.

31. Өкім "Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік аудит объектілерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (

корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 596 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша енгізіледі (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 12606 болып тіркелген).

32. Өкім бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктерге немесе ұйымдарға қағаз тасығышта немесе электрондық түрде оны қалыптастыру күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ақпараттық коммуникациялық желі бойынша беру арқылы жіберіледі.

Өкім мынадай мәліметтерді: реттік нөмірі, өкімнің нөмірі, өкімнің күні, өкімнің мәртебесі, жөнелту тәсілі, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) мемлекеттік аудит объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), мемлекеттік аудит объектісінің атауы, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктің немесе ұйымның атауы, қабылдамау/бас тарту себебі, қабылдамау/бас тарту күні, қабылдамау себебі, қабылдамау нөмірі, қабылдамау күні, қабылдамау мәртебесін қамтитын, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өкімдер тіркеу журналында тіркелуге жатады.

33. Өкім бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктердің немесе ұйымдардың орындауына жатады.

34. Уәкілетті органның ведомствосы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға, банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға өкімнің күшін жою туралы құжатты жіберу арқылы өкімнің күшін жояды.

Өкімнің күшін жою туралы құжат мыналарды: осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес уәкілетті орган ведомствосының атауы мен БСН-ін, мемлекеттік аудит объектісінің атауы мен ЖСН/БСН-ін, өкімнің нөмірі мен күнін, шығыс операцияларын қайта бастау қажет болатын мемлекеттік аудит объектісінің кодын және шоттарының нөмірін, уәкілетті орган ведомствосы басшысының не оны алмастыратын адамның мөрмен куәландырылған қолын қамтиды.

35. Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоты жабылған кезде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым уәкілетті органның ведомствосына өкімді қайтарады.

## 6-тарау. Есепке алу және есептілік

36. Есепке алу мен есептілікті жүргізу мақсатында, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану үшін қарсылықтарды қарау туралы мәліметтері мен камералдық бақылау материалдары веб-порталда автоматты түрде жинақталады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

37-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Камералдық бақылау нәтижелері веб-порталда және ақпараттық жүйелерде орналастырылады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Камералдық бақылау жүргізу  
қағидаларына 1-қосымша

## Камералдық бақылау тәуекелдері бейіндерінің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 15.09.2025 № 496 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Камералдық бақылау тәуекел бейінінің атауы	Камералдық бақылау тәуекел бейінінің деректерін таңдау шарттары	Камералдық бақылау тәуекел бейінінің бұзылуы
		1. Конкурс (аукцион) тәсілімен жарияланған мемлекеттік сатып алу.	Ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамада біліктілік талаптары мен шарттарын көрсетуі: 1) әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысуын шектейді және негізсіз қиындатады; 2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайды;

1.	<p>Ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) біліктілік талаптарын және (немесе) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделмеген шарттарды белгілеуі.</p>	<p>2. Мемлекеттік сатып алудың нысанасы тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер болып табылады.</p> <p>3. Ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) біліктілік талаптарын мен шарттарын "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу туралы заң) 11 және 12-баптарын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын бұза отырып көрсетуі.</p>	<p>3) әлеуетті өнім берушілердің саныны шектклуне әкеп соғады мыналар, оның ішінде: әлеуетті өнім берушілерге қойылатын кез келген өлшенбейтін сандық және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптарды белгілеу: тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өндірушінің атауына нұсқаулардың мазмұнын; мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын бұзу әлеуетті өнім берушілердің санын шектеуге әкеп соғады. Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 11 және 12-баптарын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын бұзу.</p>
2.	<p>Конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасына алдын ала талқылау хаттамасында тиісті ескертулер болған кезде тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының</p>	<p>1. Алдын ала талқылау хаттамасы қалыптастырылған конкурс (аукцион) тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу.</p> <p>2. Алдын ала талқылау хаттамасы конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасына ескертулерден тұрады.</p>	<p>Конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) жобасына алдын ала талқылау хаттамасында тиісті ескертулер болған кезде, тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының Мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес уәкілетті орган бекіткен Заңды және 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 Мемлекеттік сатып</p>

	Мемлекеттік сатып алу туралы заңды бұза отырып, конкурстық құжаттаманы ( ) аукциондық құжаттаманы) бекітуі.	3. Бекітілген конкурстық құжаттамада ( ) конкурстық құжаттаманың ( ) аукциондық құжаттаманың) жобасына алдын ала талқылау хаттамасында көрсетілген мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бұзылуы белгіленген.	алуды жүзеге асыру қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35238 болып тіркелген) (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу туралы заң) бұза отырып, конкурстық құжаттаманы (аукциондық құжаттаманы) бекітуі.
3.	Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 27-бабының талаптарын бұза отырып, әлеуетті өнім берушілер арасында тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы	1. Нысанасы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлері болып табылатын мемлекеттік сатып алу. 2. Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 27-бабының нормаларын бұза отырып, әлеуетті өнім берушілер арасында мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.	Ұйымдастырушының/ тапсырыс берушінің Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 27-бабының талаптарын бұза отырып, әлеуетті өнім берушілер арасында тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы.
4.	Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде лоттарға бөлмеу.	1. Конкурс тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жарияланған мемлекеттік сатып алу. 2. Мемлекеттік сатып алу туралы заңмен және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалар мен көзделген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде лоттарға бөлмеу.	Ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды Мемлекеттік сатып алу туралы заңды және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бұза отырып, лоттарға бөлмеуі.
	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі күнтізбелік он бес күннен кем, сондай-ақ тауарды жеткізуге, оның ішінде оны дайындауға ( ) өндіруге), жеткізуге,	1. Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі күнтізбелік он бес күннен кем, сондай-ақ тауарды беруге, оның ішінде оны	Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу

5.	жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге жұмсалатын мерзімнен аз, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстары (бұдан әрі – ҚМЖ) бойынша жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету мерзімі жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының тиісті оң қорытындысында белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейді.	дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге жұмсалатын мерзімнен аз. 2. Жұмыстарды орындау және қызметтерді мерзімдері жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының осы қорытындысында көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келмейді.	туралы заңның 17-бабының 6-тармағын бұза отырып өткізілді. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 119-тармағын бұза отырып жүргізілді.
6.	Ұйымдасытырылуы мен өткізілуін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыруға тиіс орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу.	Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 6-бабының 13-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын мемлекеттік сатып алуын бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесіне кіретін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу.	Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 6-бабының 13-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын мемлекеттік сатып алуын бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесіне кіретін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу.
7.	Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізу кезінде ақпаратты орналастыру тәртібі мен мерзімдерін бұзу.	Веб-порталда орналастырылған баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша ақпарат толық емес және/немесе Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалармен көзделген мерзімдерді бұзылған.	Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша ақпарат толық орналастырмау және/немесе Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерін бұзу.
8.	Баға ұсынысын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу	1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу. 2. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру	Мемлекеттік сатып алуы ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды,

	кезінде лоттарға бөлінбеуі.	қағидаларында көзделген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде лоттарға бөлмеу.	жұмыстарды, көрсетілетін Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бұза отырып лоттарға бөлмеуі.
9.	Техникалық ерекшелікте баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына нұсқаулар қамтылады.	1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу. 2. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасында тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, және сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын нұсқаулар қамтылады.	Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 12-бабының 4-тармағын бұза отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасында тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына және сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын нұсқаулар қамтылады.
10.	Мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу – мемлекеттік сатып алудың тәсілін құқыққа сыйымсыз қолдану. Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 16-бабын	1. Тапсырыс беруші тікелей жасасу жолымен мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын әлеуетті өнім берушіге қол қоюға жіберді. 2. Тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін негіздеме Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 16-бабының талаптарына сәйкес келмейді. 3. Осы Мемлекеттік сатып алу туралы заңның	Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 16-бабын бұза отырып, мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін

	<p>бұза отырып, тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.</p>	<p>10-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мүмкін болмау себептерін негіздемсіз, тікелей қорытынды жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.</p>	<p>құқыққа сыйымсыз таңдау.</p>
<p>11.</p>	<p>Ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) талқылау қорытындылары бойынша конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) өзгерген жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада не конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) көзделмеген біліктілік талаптарын және (немесе) шарттарын белгілеуі.</p>	<p>1. Конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасын алдын ала талқылау хаттамасы ресімделген конкурс (аукцион) тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу.</p> <p>2. Алдын ала талқылау хаттамасына сәйкес конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасына ескертулер бар.</p> <p>3. Ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 11 және 12-баптарын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын бұза отырып, конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қорытындылары бойынша біліктілік</p>	<p>Ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамада біліктілік талаптары мен шарттарын көрсетуі:</p> <p>1) әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысуын шектейді және негізсіз қиындатады;</p> <p>2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайды;</p> <p>3) әлеуетті өнім берушілердің санын шектеуге, оның ішінде: әлеуеттік өнім берушілерге қандай болмасын санмен өлшенбейтін және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптар белгілеуге; тауарлық белгілер, қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулары, патенттері, пайдалы модельдері, өнеркәсіп үлгілері, тауардың шығу орнының атауы және өндірушінің атауы, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің жеке әлеуетті өнім берушіге тиесілігін</p>

		талаптары мен шарттарын көрсетуі.	анықтайтын қамтуға әкеп соғатын. 4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын бұзатын біліктілік талаптары мен шарттарын көрсетуі.
12.	Құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен асатын біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу.	1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу. 2. Сегіз мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі сатып алу сомасы.	Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 10-бабының 4-тармағын бұза отырып, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүзеге асырылды.
13.	Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі құқыққа сыйымсыз талаптар.	1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жарияланған мемлекеттік сатып алу. 2. Мемлекеттік сатып алудың нысанасы тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер болып табылады. 3. Ұйымдастыру шының (тапсырыс берушінің) Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 11-бабының 3-тармағын бұза отырып, біліктілік талаптары мен шарттарын көрсетуі.	Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде біліктілік талаптарын белгілеу.
14.	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын веб-порталда орналастыру талаптарын Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 6-бабын бұза отырып, тиісті	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 6-бабын бұза отырып, таратылуы шектеулі ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, мемлекеттік сатып алу веб-порталында мемлекеттік сатып

	жылдық жоспарын) уақтылы орналастыру.	бюджеттің (даму жоспарының) немесе жеке қаржыландыру жоспарының бекітілген күнімен салыстыру.	алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын) немесе мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарына) енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды орналастырмау.
15.	Мемлекеттік сатып алу көлемінің сәйкестігі.	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының көлемін тиісті бюджеттің (даму жоспарының) немесе жеке қаржыландыру жоспарының көлемдерімен салыстыру.	Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 6-бабын бұза отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу талап етілетін экономикалық сыныптаманың ерекшеліктері (шығыстар баптары) бойынша жиынтығында бюджетке (даму жоспарына) немесе жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес келмейтін көлемде мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту (нақтылау).
16.	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының мазмұны.	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарларын мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарларын) мониторингілеу және талдау.	Жобалау-сметалық құжаттамасы бар жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында): 1) қосылған құн салығын есепке алмай, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың отыз пайызы мөлшерінде алдын ала төлем (аванс) көрсетпеген; 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

			сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырмаған.
17.	Мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты ( мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарына) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына енгізу	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарларын ( мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарларын) мониторингілеу және талдау.	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарына) ( Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 16-бабы 3 -тармағының 3), 6), 21), 22) және 24) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді енгізу.
18.	Демпингтік баға есебін құқыққа сыйымсыз қолдану/қолданбау.	1. Конкурс тәсілімен өткізілген жұмыстарды жарияланған мемлекеттік сатып алу. 2. Ұйымдастырушылардың конкурстық құжаттамада демпинг белгісін және демпингтік бағаны есептеу сомасын анықтамауы не дұрыс анықтамауы.	Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 13-бабын және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бұзу.
